

## **Байзақ ауданы Түймекент ауылдық округінің Түймекент ауылының көше атауын өзгерту туралы**

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Түймекент ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 26 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 24 қарашадағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Түймекент ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байзақ ауданы Түймекент ауылдық округінің Түймекент ауылының Ретранслятор көшесін Талас көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түймекент ауылдық округінің әкімі*

*К. Смагулов*